

Көшелерге атау беру туралы

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Келінтөбе ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 21 желтоқсандағы № 1 шешімі

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 08 желтоқсандағы № 2572-ХІІ Заңы 14-бабының 4) тармақшасына және Облыстық ономастика комиссиясының 2023 жылғы 21 желтоқсандағы қорытындысына сәйкес, Келінтөбе ауылдық округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Келінтөбе ауылдық округі Келінтөбе ауылының келесі көшелеріне:

1) Келінтөбе ауылының батыс бөлігінде орналасқан атауы жоқ көшеге "Жұмахан Арынғазиев" есімі;

2) Келінтөбе ауылдық округі Келінтөбе ауылының шығысында орналасқан атауы жоқ көшеге "Әбусейіт Қалдыбеков" есімі;

3) Келінтөбе ауылдық округі Келінтөбе ауылының оңтүстік-батысында орналасқан атауы жоқ көшеге "Қалдан Байтасов" есімі;

4) Келінтөбе ауылдық округі Келінтөбе ауылының солтүстік бөлігінде орналасқан атауы жоқ көшеге "Махамбет Нұржігітов" есімі;

5) Келінтөбе ауылдық округі Келінтөбе ауылының солтүстік бөлігінде Ш.Дүйсебеков көшесінің қиылысында орналасқан атауы жоқ көшеге "Тлепов Оразалы" есімі;

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Келінтөбе ауылдық округінің әкімі

А. Досжанов